



11 | ҚҰТТЫҚТАЙМЫЗ !!!


Колледжде 2021-22 оқу жылында 4 оқытушының кітаптары басылымға шықты.

1. Раимбаева М.Т., Махамбетова О.А., Тоқташева Ж.А. Мейіргер күтімі. “Мейіргер ісі негіздері” пәнінен тәжірибелік сабақтарын өткізуге арналған стандарттар жиынтығы.

2. Мырзагулова Ж.Б., “Педиатриядағы мейіргер ісі” пәнінің “Мейіргер ісі” пәнінен “Мейіргер ісі” мамандығы студенттеріне арналған тест жинағы.

3. Тұрсынбаева Р.К., “Медициналық биофизика дәріс жинақтары”. Оқу-әдістемелік құрал.

4. Тұрмысова Ф.Д., “Акушерия және гинекология”. Оқу-әдістемелік құрал.



Қазақстан Республикасы денсаулық сақтау министрлігі ЖШС "Батыс Қазақстан жоғары медициналық колледжі" ұйымдастырған "Мейірбике ісінің реформаларын жаңғырту аясында білім беру ұйымдары мен практикалық денсаулық арасындағы ынтымақтастықты нығайту. Қолданбалы бакалавриаттың жетістіктері мен іске асыру мәселелері" атты Халықаралық ғылыми-тәжірибелік конференциясына колледж оқытушылары Ұ.Е.Дүйсенбаева, А.К.Коконбаева қатысып Сертификатқа ие болды.



Қазақстан Республикасы Тәуелсіздігінің 30 жылдығы аясында ұйымдастырылған зиялы қауым өкілдері мен жастар арасындағы рухани байланысты дамытып, жастардың

кітап оқуға деген қызығушылығын және рухани-адамгершілік бағдарларын қалыптастыруға арналған "Дарадан даналық" жобасына шәкірт дайындағаны үшін колледж оқытушысы Ж.Е.Шалбай Алғыс хатпен марапатталды.



М.Х.Дулати атындағы Тараз Өңірлік Университеті Ақпараттық технологиялар факультетінің "Компьютерлік алгебра" үйірмесі ұйымдастырылған "Қазіргі кездегі студенттік ғылым: міндеттері мен болашағы" атты дөңгелек үстелінде Үздік баяндама жасағаны үшін колледждің 114 М 9/21 тобының студенті М.А.Омарова Алғыс хатқа ие болды. Жетекшісі: Ж.Е.Шалбай.




« К К О . К Z " В Е Б - с а й т ы м е н ұйымдастырылған "Химия" пәні бойынша республикалық қашықтық олимпиадаға колледждің 226Ф-11/20 топ студенті Н.Э.Аллахвердиева қатысып, II дәрежелі Дипломмен марапатталды.



Қармақшы ауданының құрметті азаматы Болатбек Сулейменовті еске алуға арналған парадзюдодан ерлер мен әйелдер арасындағы халықаралық турнирге колледждің 138СМ-11/21 топ студенті А.Ахметов 78 кг. салмақ дәрежесінде қатысып, III орынға ие болып, Дипломмен марапатталды.



Жамбыл облысы әкімдігінің дене шынықтыру және спорт басқармасы ұйымдастырған. Тірек-қимыл аппараты зақымданған және көру қабілеті төмен спортшылар арасындағы Жамбыл облысының спартакиадасына колледждің 138СМ-11/21 топ студенті А.Ахмедов қатысып, 73кг. салмақта I орынға ие болып, Дипломмен марапатталды.



"Интеллект" білім және ғылым орталығының ұйымдастыруымен колледж студенттері арасында өткен "Ұлы дала баласы" Республикалық пәндік олимпиадасына колледж студенттері Н.Андасбек, Ж.Асилканқызы, А.И.Баккелдиева, Н.Бекмұрат, Ш.Балаханова, А.Ғ.Бүркітбай, А.Б.Даулетқұл, Ж.Жеңісбекқызы қатысып I орынға ие болып, Дипломмен марапатталды. Жетекшісі: Б.А.Сағындықова.



Жетекшісі: Б.А.Сағындықова.



БҮГІНГІ НӨМЕРДЕ

1 | ӘДІСТЕМЕЛІК КЕҢЕС

Колледж оқытушыларына және әкімшілік мүшелеріне әдістемелік кеңес өткізілді.

2 | ПЕДАГОГИКАЛЫҚ КЕҢЕС

Колледжде педагогикалық кеңес өткізілді, әкімшілік мүшелері, ЦӘК жетекшілері мен бөлім меңгерушілері офлайн, оқытушылар онлайн форматында қатысты.

3 | ПІКІРСАЙЫС

«Бұл палата отбасылық денсаулық сақтауды мемлекет қалыптастыру керек деп есептейді» тақырыбында колледжішілік пікірсайыс.

4 | ПЕДАГОГИКАЛЫҚ ОҚУЛАР

Колледж ұжымымен біліктілігін көтерген оқытушылар оқыған жаңалықтарымен бөлісті.

5 | КЕЗДЕСУ

«Қасіретті қаңтар» қоғам тұтастығы - Тәуелсіздік кепілі тақырыбында мамандармен кездесу.

6 | ЖАС МАМАНДАР ОТЫРЫСЫ

«Білім беру технологиялары мен әдіс-тәсілдерін қолдану жолдары» тақырыбында жас мамандар мектебінің кезекті отырысы өтті.

7 | АШЫҚ САБАҚ

Колледж оқытушысы Д.И.Турдалиев "Анатомия және физиология" пәнінен "Эндокринді жүйе" тақырыбында on-line форматындағы ашық сабақ.

8 | АТА-АНАЛАР ЖИНАЛЫСЫ

Колледжде полиция қызметкерлерінің қатысуымен ата-аналар жиналысы.

9 | 2021-2022 ЕСЕП БЕРУ

Колледж директоры Ж.Н.Сарыбекова 2020-2021 оқу жылының II жартыжылдығы мен 2021-2022 оқу жылының I жартыжылдығында атқарған жұмыстары мен міндеттері туралы есеп берді.

10 | БАЙҚАУ

Колледж оқытушысы Г.Ж.Көшкінбаеваның ұйымдастыруымен I курс студенттерінің арасында "Мен өз елімнің патриотымын" тақырыбында сурет байқауы.


11 | ҚҰТТЫҚТАУЛАР

Колледж оқытушылары мен студенттерінің жетістіктері.





1 | ӘДІСТЕМЕЛІК КЕҢЕС



19.01.2022 ж. Колледжде әдістемелік кабинетінің ұйымдастыруымен әдістемелік кеңес өткізілді.

Күн тәртібінде:

1. Барлық мамандық бойынша түлектердің жұмыспен қамтылуының сараптамасы. Жауапты: Л. А. Артыкова.
2. «Діни экстремизм мен терроризмнің алдын алу» комиссиясы жұмысының сапасы мен ұйымдастырылуы. Жауапты: Р.Б. Үсенов.
3. "Педагогтерге біліктілік санатын беру(растау) қағидаларын бекіту туралы" ҚР Білім және ғылым министрлігі 2021 жылғы 12 қарашадағы № 561 бұйрығы. Жауапты: А.К. Коконбаева.

2 | ПЕДАГОГИКАЛЫҚ КЕҢЕС



20.01.2022 ж. Колледжде педагогикалық кеңес өтті. Күн тәртібінде:

1. "Мейіргер ісі" мамандығында "Пациенттің жағдайын клиникалық бақылау."

- Жауапты: бөлім меңгерушісі: Ұ.Е.Дүйсембаева.
2. Студенттердің медициналық көмекпен қамтамасыз етілуі және тамақтануының сапасы мен ұйымдастырылуы. Жауапты: ЦӘК жетекшісі: Г.Қ. Септесін, оқытушы: Н.А. Қасымов.
 3. Әртүрлі сұрақтар.

3 | ПІКІРСАЙЫС



24.12.2021 ж. Колледжінің тәрбие бөлімінің ұйымдастыруымен «Бұл палата отбасылық денсаулық сақтауды мемлекет

калыптастыру керек деп есептейді» тақырыбында колледжішілік пікірсайыс ойынын өткізді. Ойында Н.Маулен, Н.Жәнібекқызы, А. Жақсығұл өздерінің ұшқыр ойымен ерекшеленді.

4 | ПЕДАГОГИКАЛЫҚ ОҚУЛАР



21.01.2022 ж. Колледждің әдістемелік кабинетінің ұйымдастыруымен педагогикалық оқулар өтті. Колледж ұжымымен біліктілігін

көтерген оқытушылар оқыған жаңалықтарымен бөлісті.

1. «Moodle» платформасының жаңартылуымен таныстыру. Жауапты: А.Е.Исмаилова.
2. Жіті тыныс алу жеткіліксіздігі бар науқастарға, оның ішінде коронавирустық инфекция кезінде мейірбикелік күтім. Жауапты: А.Д. Бахаева.
3. «Оқытудың инновациялық әдістері» мастер-класс мейіргер ісі негіздері пәні бойынша. Жауапты: Р.Д.Мухажанова.
4. «Оқытудың инновациялық әдістері» мастер-класс ішкі аурулар пропедевтикасы пәні бойынша. Жауапты: А.К.Баєтова.
5. «Оқытудың инновациялық әдістері» мастер-класс акушер және гинекология пәні бойынша. Жауапты: Н.Б. Қалданова.
6. «Оқытудың инновациялық әдістері» мастер-класс анатомия пәні бойынша. Жауапты: Г.Қ.Септесін.
7. «Оқытудың инновациялық әдістері» мастер-класс терапия пәні бойынша. Жауапты: Б.С. Мадимарова. «Оқытудың инновациялық әдістері» мастер-класс акушер-гинекология пәні бойынша. Жауапты: Н.Б.Қалданова.
8. «Техникалық және кәсіптік, орта білімнен кейінгі білім беру ұйымдарында білім беру процесін академиялық дербестікті есепке ала отырып модельдеу» бойынша педагогтердің біліктілігін арттыру курсы. Жауапты: А.Б. Султанаева.

5 | КЕЗДЕСУ



04.02.2022 ж. Колледждің тәрбие бөлімінің ұйымдастыруымен «Қасіретті қаңтар» қоғам тұтастығы - Тәуелсіздік кепілі тақырыбында "Ұлттық

Медициналық Ассоциациясы" РҚБ Жамбыл облысы бойынша филиалының президенті, қалалық маслихатының депутаты, «№5 арнаулы әлеуметтік қызметтер көрсету орталығы» басшысы М.Ә.Бердалиевпен кездесу өтті.

6 | ЖАС МАМАНДАР ОТЫРЫСЫ



27.01.2022 ж. Колледжде әдістемелік кабинеттің ұйымдастыруымен «Білім беру технологиялары мен әдіс-тәсілдерін қолдану жолдары» тақырыбында жас мамандар мектебінің кезекті

отырысы өтті. Күн тәртібінде:

1. Сабақ беру үрдісінде әдіс -тәсілдерді қолдану (kahoot, бұлтты сөздер). Жауапты: әдіскер А.К.Коконбаева.
2. Сабақ үрдісінде кредиттік технологияны қолдану (2курс). Жауапты:бөлім меңгерушісі Ұ.Е.Дүйсенбаева.
3. «Оқытушының іс-тәжірибесіне заманауи технологияларды енгізу сәттілігі неге байланысты». Пікір алмасу.
4. Жас мамандарға On-line режимінде оқыту барысы бойынша әдістемелік көмек көрсету :
а) Электронды журналды толтыру. Жауапты: оқытушы М.Ж. Жакипова.
б) Moodle платформасында On-line сабақ жүргізу барысы. Жауапты: әдіскер А.К. Коконбаева.
5. Психологиялық тренинг.

7 | АШЫҚ САБАҚ



25.01.2022ж. №1 Жалпы кәсіптік пәндер ЦӘК оқытушысы Д.И. Турдалиев "Мейіргер ісі" бөлімі, 201 М 9-/20 тобымен, "Анатомия және физиология" пәнінен "Эндокринді жүйе" тақырыбында on-line форматында ашық сабақ өтті.

8 | АТА-АНАЛАР ЖИНАЛЫСЫ



03.02.2022 ж. Колледждің тәрбие бөлімінің ұйымдастыруымен, Тараз қаласы ПБ ЖПКБ ЮПБ бастығы, полиция капитаны А.Т. Калышев және аға инспекторлар, полиция капитандары А.Е. Асабаев, А.С.

Таңсықбай және жедел уәкіл, полиция аға лейтенанты Е.Х. Бекбосын сонымен қатар «Нығмет Нұры» ҚБ жетекшісі Ш.Б.Сүйімкүлдың қатысуымен «Бала тәрбиесі баршамызға ортақ» тақырыбында ата-аналар жиналысы өткізіліп, түсіндірме жұмыстары жүргізілді.

9 | 2021-2022 ж. ЕСЕП БЕРУ



25.01.2022 ж. Жамбыл облысы әкімдігінің денсаулық сақтау басқармасы 2021 жылдың қортындысы бойынша медициналық

кеңестерді өткізу кестесіне сәйкес колледж директоры Ж.Н.Сарыбекова 2020-2021 оқу жылының ІІ жарты жылдығы мен 2021-2022 оқу жылының І жарты жылдығында атқарған жұмыстары мен міндеттері туралы есеп берді.Есеп беру жиналысына денсаулық сақтау басқармасының басшысының орынбасары Х.С.Мурзакасымов және колледж оқытушылары қатысты. Колледждегі білім алушылар контингенті Ұлттық білімдік деректер қорына қыркүйек айында енгізілген мәлімет бойынша 2529 студент тіркелген, оның ішінде 1234 студент - мемлекеттік тапсырыс негізінде білім алуда. Колледж 5 мамандық, 7 біліктілік бойынша 109 топқа білім беруде, 589 түлек шығарылады. Колледжде 221 қызметкер, оның ішінде 134 оқытушылар, олардың 30 жоғары медициналық және фармацевтикалық білімі бар дәрігерлер, оқытушылар құрамы 100% жоғары білімді. Кәсіптік бағдар беру және түлектердің жұмысқа орналасуы бойынша 354 түлек жұмыспен қамтылған, ол 60% құрады. Сабаққа қатысуы 98,5%, орташа балл 3,8,білім сапасы 78,4%, үлгерімі-100%. 2019-2020 оқу жылындағы бітіруші түлектердің Тәуелсіз ұлттық тестілеу қорындысы 97,7% құрағанын және әр мамандық бойынша көрсеткіштер туралы толық ақпарат берілді. Кәсіптік практика өту үшін 47 емдеу мекемелерімен келісім-шарт арқылы жұмыс жүргізілуде екенін айтып өтті. Біліктілікті арттыру және қайта даярлау бөлімінде 971 тыңдаушы циклдардан өткендігі баяндалды. Колледждегі оқу үрдісінің цифрландыруы, 300 компьютерлік техника бар екендігіне тоқталып өтті.

10 | БАЙҚАУ



04.01.2022 ж. Тәрбие бөлімі және алғашқы әскери дайындық пәнінің оқытушысы Г.Ж. Көшкінбаеваның ұйымдастыруымен І курс

студенттерінің арасында "Мен өз елімнің патриотымын" тақырыбында сурет байқауы өткізілді. Мақсаты: Студенттерді Отанды сүйюге, құрметтеп қастерлеуге, егемен елімізді сақтауға және оны гүлдендіруге күштар патриоттық күш-қуаты мол жастарды тәрбиелеу.